

Балалардың тұрмыстағы қауіпсіздігін қалай қамтамасыз ету керек

Ұсынымдарды әдіскер Шуняева Софья Робинзоновна дайындады

Қазіргі заманда көптеген қауіптер бар. Бала кішкентай кезінен бастап анасы мен әкесі оған оның өмірі мен денсаулығына төнетін барлық қауіп-қатерлер туралы айтулары тиіс. Балаларды оқытудың ең жақсы тәсілі ата-аналардың өзіндік үлгісі болып табылады.

Құрметті ата-аналар, егер сіз өз қауіпсіздігіңізге назар аударсаңыз, онда бала да сол әрекеттерді қайталайды.

Құрметті ата-аналар, күнделікті балаға қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы ескертіп отыру керек

Балалардың үйдегі қауіпсіз тәртібінің ережелері

1. Үйде терезенің алдына шығып, ойнауға болмайды, бұл қауіпті. Терезеден сыртқа құлап кету немесе сынған шынымен жарақаттану қаупі бар.
2. Балкон қоршауынан төмен қарауға болмайды, құлап кетуі мүмкін.
3. Газ плитасын ересектердің бақылауынсыз пайдалануға тыйым салынады.
4. Қосылып тұрған электр құрылғыларымен ойнауға, оларды өшіруге, қуат сымынан ұстауға болмайды.
5. Розеткаларға металл заттарды сұғуға болмайды.
6. Су қарандарын пайдаланып болғаннан кейін жабу керек.
7. Есіктерді жабу-ашу кезінде саусақтарды қысып алмау үшін абай болу керек.
8. Шкафтардың, комодтардың, үстелдердің үстіне шығуға болмайды, құлап кету қаупі бар.
9. Өткір және шыны заттармен ойнауға болмайды, жарақат алу қаупі бар.
10. Дезодорант және ауа тазартқыштар баллондарымен, лактармен, сіріңкелермен және оттықтармен ойнауға болмайды, себебі бұл өрттің пайда болуына әкелуі мүмкін.

11. Дәрі-дәрмектермен, ұнтақтар мен жуатын заттармен ойнауға және дәмін көруге болмайды, бұл өте қауіпті.
12. Есіктердегі шынымен, айнамен соқтығысудан сақ болу керек. Шыны мен айнаға заттарды лақтыруға болмайды, шынының сынықтарымен жарақаттану қаупі бар.
13. Шыны, асхана ыдыстары сынса, сынықтарды қолмен жинауға болмайды, сыпырғыш (щетка) пен қалақты қолдану керек.
14. Ұсақ заттарды ауызға салуға, оларды мұрын мен құлаққа тығуға болмайды, байқаусызда жұтып қоюы мүмкін.
15. Үйде жалғыз болған жағдайда, бейтаныс адамдарға есікті ашуға болмайды. Есіктің саңылауынан қарап, есіктің сыртында туыстары тұрғанына көз жеткізу керек.
16. Серуенге шыққанда ауладан кетуге, бейтаныс адамдармен кетуге болмайды.
17. Бейтаныс адамға өзі және отбасы туралы айтуға болмайды.
18. Тәттілер, ойыншықтар сатып алып беруді, анасына немесе туыстарына апаруды ұсынса да өтіп бара жатқан көлікке отыруға болмайды, бөтен адамдардан ештеңе алуға болмайды.
19. Жарақат алмау үшін балалармен төбелеспей, жанжалдаспай, бір-бірін итермей тату ойнау керек.
20. Бейтаныс байламдарды, сөмкелерді көтеруге және үйге әкелуге болмайды, олардың ішіндегі заттар өміріне қауіп төндіруі мүмкін.
21. Иттерді ызаландыруға, қаңғыбас жануарларды ұстауға болмайды, тістеп алуы мүмкін.
22. Құмсалғышта құм лақтырысуға болмайды, ол өзінің және айналасындағылардың көзіне түсуі мүмкін.
23. Ағашға шығуға болмайды, бұтақ сынып, құлап кетуі мүмкін.
24. Далада жидектерді жеуге, саңырауқұлақтарды жұлуға болмайды, олар улы болуы мүмкін.
25. Жерден кәмпит, сағыз және басқа да тағамдарды көтеруге болмайды, себебі олар бүлінген болуы мүмкін.

Ұсынымдар:

- ✓ Бала сізбен немесе жедел жәрдем қызметтерімен (сіздің жұмысыңыз, ұялы телефоныңыз, полицияңыз, жедел жәрдем, өрт сөндіру қызметі) тез байланыса алатын телефонды көрнекі жерге жазу керек.
- ✓ Балаңызбен оның атын, тегін, ата-анасының атын, үй мекенжайын және телефонын үйреніңіз.
- ✓ Мінез-құлық ережелерін үнемі қайталап отыру керек.
- ✓ Ойындар, әңгімелер ұйымдастырыңыз, балаңыздың мінез-құлқындағы қателерді анықтаңыз.
- ✓ Егер балаңызға қауіпсіздік ережелерін үйреткіңіз келсе, оны өзіңіз орындаңыз.

Дереккөздер:

https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/2024/03/doc_04ru.pdf

<https://ds369nsk.edusite.ru/p107aa1.html>

<https://oshel.ru/fotogalereya/p12-03450>

<https://evclid.edusite.ru/p39aa1.html>

